

“Астана медицина университеті” АҚ
№ 1 Қоғамдық денсаулық сақтау кафедрасы

СӨЖ

**Тақырыбы : ҚР Президентінің 2030 жолдауы және
оның маңызы. 4-ші приоритеттің мазмұны мен
маңыздылығы**

Орындаған : Сәйді С.Б.

Топ : 505 ҚДС

Тексерген : Байгенжеева Р.Қ.

Астана, 2016 жыл

Жоспар:

I. Кіріспе

II. Негізгі бөлім

1. ҚР Президентінің 2030 жолдауы және оның маңызы.
2. Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл-ауқаты.

III. Қорытынды

IV. Қолданылған әдебиеттер

Кіріспе

- Қазақстандағы нарықтық қатынастың қазіргі жағдайларында әрбір адамның денсаулығы халық денсаулығының құрамдас бөлігі ретінде, оның тіршілігінің толыққанды бағасын ғана емес, сонымен қатар оның мүмкіндіктерінің әлеуетін анықтайтын факторға айналып отыр. Халық денсаулығы жағдайының деңгейі өз кезегінде, елдің әлеуметтік-экономикалық, мәдени және индустриялық даму өлшемін анықтайды. Медициналық көмек көрсетудің қолжетімділігін, сапасы мен сабақтастығын қамтамасыз етуге жұмылдыратын әлеуметтік бағдарлы жүйені ұсынатын денсаулық сақтау саласы, халық әл-ауқатының бірқалыпты және тұрақты жақсаруы тұрғысынан алғанда Республикадағы негізгі және басымдық берілетін саланың бірі болып табылады.




КАЗАХСТАН - 2030

- Қазақстан азаматтарының денсаулығын нығайту және елдің әлеуметтік-демографиялық дамуын қамтамасыз ету үшін денсаулық сақтаудың бәсекеге қабілетті жүйесін қалыптастыру халықтың денсаулығын сақтау және санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылықты қамтамасыз ету мәселелері бойынша сектораралық және ведомствоаралық өзара іс-қимылды күшейту арқылы сырқаттанушылықты төмендету және халықтың денсаулығын одан әрі нығайту;
- әлеуметтік бағдарланған медициналық-санитариялық алғашқы көмекті басымдықты дамыта отырып, Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесін одан әрі дамыту және жетілдіру арқылы медициналық көмектің қолжетімділігін және сапасын, азаматтардың ынтымақтастық жауапкершілігін арттыру;
- кадр әлеуетінің бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру мақсатында медициналық және фармацевтикалық білімді жетілдіру. Инновациялық технологияларды әзірлеуге және енгізуге бағдарланған медицина ғылымын дамыту.

“Қазақстан-2030” стратегиясының басым бағыттары

- 1. Ұлттық қауіпсіздік.*
- 2. Ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамдық топтасу.*
- 3. Экономикалық өрлеу*
- 4. Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл-ауқаты.*
- 5. Этникалық ресурстары.*
- 6. Инфрақұрылым, көлік және байланыс.*
- 7. Кәсіпқой мемлекет.*



“Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі және сәттілігі” атты “Қазақстан – 2030” Даму Стратегиясын жүзеге асыру барысында ҚР Үкіметі Қаулысының шешімімен № 1678 бұйрық негізінде 1997 жылы 3 желтоқсанда дұрыс өмір сүру қалпын қалыптастыру Қызметі құрылды. Сол уақыттан бері салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселесі бойынша аурудың алдын алу мен халықтың денсаулығын нығайтуда айтарлықтай жетістіктерге қол жетті.

- **Қазақстандықтардың денсаулығы, білім алуы және игілігі:** азаматтардың тұрмыс жағдайы мен деңгейін көтеру, экологиялық ортаны жақсарту. Сырқаттардың алдын алу және салауатты тұрмыс салтына ынталандыру, азаматтарды салауатты тұрмыс салтын ұстауға, дұрыс тамақтану, гигиена мен тазалық ережелерін сақтауға баулу, нашақорлық пен наша бизнесіне қарсы күресу, маскүнемдік пен темекі шегуді қысқарту, ана мен баланың денсаулығын сақтау, қоршаған орта мен экологияны таза ұстау мәселелерін қамтиды.

- Адамдардың жағдайын түбегейлі өзгертудің, өмір сүру жағдайын жақсартудың өмірлік маңызы бар. **Атқарылған жұмыстың нәтижесі көзге бірден түседі.**
- Орташа айлық жалақы **9,3** есе өсті. Зейнетақы төлемдерінің орташа мөлшері **10** есе ұлғайды.
- Халықтың нақтылы ақшалай кірістері **16** есе өсті.
- Егер 1999 жылы қаржыландыру 46 млрд. теңгені құраса, 2011 жылы 631 млрд. теңге болды.
- Денсаулық сақтаудың бес инновациялық объектісі – Балаларды оңалту орталығы, Ана мен бала орталығы, Нейрохирургия, Шұғыл медициналық көмек және Кардиология орталықтары кіретін **медициналық кластер** құрылды.

- Елдің барлық өңірлерінде сапалы медициналық қызметтер алу үшін қажетті жағдай жасалды.
- Еліміздің ең шалғай аудандарын медициналық қызметтермен қамтитын көлік медицинасы жедел қарқынмен дамуда.
- Ұлттық скрининг жүйесі ауруларды бастапқы сатысында анықтауға және олардың алдын алуға мүмкіндік береді.
- Дәрі-дәрмекпен тегін және жеңілдікті қамтамасыз ету енгізілді.
- Соңғы 15 жылда халықтың саны 14 млн-нан **17 млн.** адамға дейін өсті.
- Өмір сүру ұзақтығы **70** жасқа дейін ұлғайды.
- Біз **қолжетімді және сапалы білім беруді дамыту** бағытын дәйекті жүргізудеміз.
- «Балапан» бағдарламасын іске асыру балаларды мектепке дейінгі білім берумен **65,4%-ға** дейін қамтуға мүмкіндік берді.
- Міндетті мектепалды даярлық енгізілді, ол мектеп жасына дейінгі балалардың **94,7%-ын** қамтыды.

- 1997 жылдан бері республика бойынша **942 мектеп**, сонымен қатар, **758** аурухана және өзге де денсаулық сақтау нысандары салынды.
- Біз әлемдік деңгейдегі **зияткерлік мектептер мен кәсіптік-техникалық колледждер** желісін дамытудамыз.
- Соңғы 12 жылда жоғары білім алуға берілетін гранттар саны **182%-ға** ұлғайды.
- 1993 жылы біз «Болашақ» атты бірегей бағдарлама қабылдадық, соның арқасында **8 мың** талантты жас әлемнің таңдаулы университеттерінде озық білім алды.
- Астанада халықаралық стандарттар бойынша жұмыс істейтін заманауи ғылыми-зерттеу университеті құрылды.

Өтпелі кезеңдегі экономикалық қиындықтарға, денсаулық сақтау ұйымдарының қаржылық жетіспеушіліктерге қарамастан, ҚР Денсаулық сақтау Министрлігінің қолдауымен салауатты өмір салтын қалыптастыру қызметі төмендегі мәселелердің шешімін тапты:

- — салауатты өмір салтын (СӨС) қалыптастыру қызметінің құрылымы мен байланыстары құрылып, материалдық-техникалық ресурсы қамтамасыз етілді;
- — құқықтық-нормативтік базасы жасалды;
- — гигиеналық тәрбие процесіне жаңа технологиялар енгізілді;
- — денсаулықты сақтау мен білім беруді ұйымдастыру үшін СӨС қалыптастыратын мамандар даярланды;
- — СӨСҚ-дың ұлттық саясаты анықталды, оның концептуалды негізі ретінде «Салауатты өмір салты» атты кешенді бағдарлама жасалды.

Бағдарлама жалпы халықты салауатты өмір салтын ұстану жолдарымен хабардар ету, аурудың алдын алып, денсаулықты нығайту, денсаулық сақтау және білім беру мекемелерінің қызметкерлерін жалпы халықның денсаулығын сақтап, нығайтуға жұмылдыру бағыттарынан тұрады. Қазақстан-2030 Даму стратегиясының республика халқының салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытындағы басымдықтар:

- - салауатты өмір салтын қалыптастырудың ұлттық саясатын жасау;
- - қауіпсіз және сенімді тіршілік ету ортасын қамтамасыз ету;
- - денсаулықты сақтап нығайту үшін әлеуметтік жағдай жасау;
- - салауатты өмір салтына септігін тигізу;
- - денсаулық сақтау жүйесін реформалау және оны алғашқы профилактикамен АМСК деңгейдегі денсаулықты нығайтуға бағыттау.

Қызмет көрсетілетін халықтың санына қарай әйелдер консультациясының ұсынылған құрылымы:

- **ТАЗАЛЫҚ — САУЛЫҚ НЕГІЗІ, САУЛЫҚ — БАЙЛЫҚ НЕПІЗІ**


Қазақтың халық мақалы

Экономикалық ілгерілеу біздід азаматтарымыздың игілігіне өздігінен кепілдік бере алмайды. Гүлденген экономика жағдайында-ақ өз денсаулығын дұрыс күтпеуінің және қоршаған ортаның ластануы салдарынан науқас адамдардың саны жылдан-жылға өсіп отырғанын көзге елестету қиын емес.

- Қоғамымызды құруымызға қарай азаматтарымыздың өз өмірінің аяғына дейін сау болуы және оларды қоршаған табиғи ортаның таза болуы үшін күш салу керек. Бұл мақсатты іске асырудағы біздің стратегиямыз мынадай құрамдас бөліктерден тұрады:
- Ауруды болдырмау және салауатты өмір салтын ынталандыру. Мемлекеттің, бір жағынан, ауруды болдырмау, екінші жағынан, салауатты өмір салтын ынталандыру жөніндегі қадамдары халықтың денсаулығына әсер ететін маңызды фактор екенін әлемдік тәжірибе көрсетіп отыр. Аурулардың алдын алу дегеніміз таза су мен кенеулі асты пайдалануды, тазарту жүйелерінің болуын, қоршаған ортаны ластайтын және экологиялық зиян келтіретін объектілерді қысқартуды, басқа да қауіпті факторларды төмендету жөніндегі осыған ұқсас шараларды білдіреді.

- Салауатты өмір салтын ынталандыру әрқайсымыздың дене тәрбиесімен айналысуымызға, дұрыс тамақтануымызға, есірткілерді, темекі мен алкогольді тұтынуды қойып, тазалық пен санитария шараларын сақтауымызға және т. с. с. бағытталған. Жеткілікті құралдар болмай тұрған жағдайда ауруларға қарсы күрес пен денсаулықты нығайту жөніндегі біздің стратегиямыз азаматтарымызды салауатты өмір салтына әзірлеуден басталады. Салауатты өмір салты мен дұрыс тамақтануды, тазалық пен санитария ережелерін насихаттайтын пәрменді ақпараттық іс-шаралар жүргізілуі қажет. Ол мыналарды қамтуға тиіс:

Нашақорлық пен наркобизнеске қарсы күрес. Есірткіні әкелу мен таратуға қолданылатын жазаны қатайту және осыған байланысты бірқатар елдердегідей, оның ішінде Малайзия мен Сингапурдегідей өлім жазасын енгізу керек пе деген мәселені қоғамның талқысына шығару керек. Есірткі — өте ерекше және түпке жетегін сала, сондықтан бұл жерде адамгершілік принциптерінің қандай дәрежеде қолданылуы үлкен мәселе. Таразының бір басында оны әкеліп, тарататын адамның өмірі тұрса, екінші басында соның „көмегімен“ қор болған есірткі тұтынушылардың ғұмыры тұр.



Темекі мен алкогольді тұтынуды қысқарту. Алкоголь мен темекінің адам өміріне зиянды екені дәлелдеуді қажет етпейді. Халықаралық тәжірибе бұл салада мемлекеттік саясатты жүргізудің алкоголь мен темекіге салық енгізу, сондай-ақ маскүнемдіктен емделуге арнайы салық салудан бастап, бірнеше сабағын ұсынып отыр. Біз бұл мәселеде байыпты саясат жүргізуіміз керек. Контрабанданың ағыны мен қылмыскерліктің өсуі сияқты кері нәтижеге душар болмас үшін бұл арада барлығын салмақтап, бірнеше қайтара есептеп шығу керек. Бастапқы кезде алкоголь мен темекіні жарнамалауға барлық жерде және түпкілікті тыйым салынуға тиіс.

- Шылым шегу терең ойластырылып, асыра сілтеушілікке ұрынбай, біртіндеп қоғамдық орындардан ығыстырылуы қажет. Мұны басқаларға үлгі болу үшін мемлекеттік үйлер мен мекемелерден бастау керек. Жалпы, адамдар неліктен өз денсаулықтарын құртып, оны улайтындарға төзіммен қарауға тиіс? Мен барлықтарыңызды шылым шегушілерге ымырасыз болуға шақырамын.

- Әйел мен баланың денсаулығын жақсарту. Ана мен баланың денсаулығын қорғау біздің, мемлекетіміздің, денсаулық сақтау органдарының, жұртшылықтың тікелей назарында болуға тиіс. Уақыт өтіп, қазына кірісі өскенде мемлекет үшін де, отбасын қолдауға тиімді демографиялық саясат үшін де қолайлы нысанда аналар мен балаларға мемлекеттік қолдау көрсетуге қаражат табамыз. Біз бұрынғы уақыттан бері және қиындықтарға қарамастан бүгін де осындай көмекті көрсетіп келеміз. Мен балалы болғысы келмейтіндерге салық енгізу туралы ұсынысты көпшілік талқысына саламын. Одан түскен қаржыны көп балалы отбасыларды қолдауға жұмсар едік.

Қорытынды

Мемлекеттік ведомстволардың басшылары осының бәрінде де үлгі көрсетуге тиіс. Сонымен қатар дінбасылар мен қоғамның басқа да құрметті адамдарын осы процеске қосылуға шақырамын. Бұл — маңызы зор мәселелер. Адамдардың денсаулығы мен он мындаған отандастарымыздың өмірі осы шараларға тікелей байланысты.

Қолданылған әдебиеттер

- 1. Ә.Назарбаев. «Қазақстан 2030». Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. “ҚАЗАҚСТАН-2030” СТРАТЕГИЯСЫ
- 2. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Жарлығы
- 3. Қазақстан Республикасының Конституциясы 44-бабының 8) тармақшасына сәйкес, медициналық көмек көрсетудің тиімді жүйесін құру, Қазақстан Республикасының халқы денсаулығының негізгі көрсеткіштерін жақсарту мақсатында қаулы